

**М.С. Мырзабеков<sup>1\*</sup> , М.А. Наматов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Француз Академиялық зерттеу институты, Париж, Франция

\*e-mail: moldahmet1964@gmail.com.

## **МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫ МЕН АЛТЫН ОРДАНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ СЫЙЛЫҚТЫҢ РӨЛІ (батыс ғалымдарының еңбектері бойынша)**

Орталық Еуразияның ортағасырлық тарихында Моңғол империясы мен Алтын Орда маңызды із қалдырды. Моңғол ұлыстары исламды қабылдағаннан кейін, олардың жіберген және қабылдаған дипломатиялық сәлемдемелерінде ислам мазмұнындағы заттар жиі қолданысқа түсе бастады.

*Мақаланың мақсаты* – Орталық Еуразия империяларының дипломатиясында ислам мазмұнындағы сыйлықтар мен сыйлық беру тәжірибесінің жаңа идеологияны қаншалықты бейнелегенін, белгілі бір контекст астарында екі тараптың сыйлықты қабылдау және мәнін түсіну деңгейін анықтай келе, исламға дейінгі дипломатиядағы сыйлық беру дәстүрінің қаншалықты өзгеріске ұшырағанын қарастыру.

Мақалада Орталық Еуразия империяларының дипломатиясын, дипломатиялық келіссөздерін, сыйлық алмасу дәстүрлерін, соның ішінде ислам мазмұнындағы сыйлықтар мен олардың символикалық маңызын, елшілерді қабылдау протоколы мен дәстүрлерін зерттеген Батыс ғалымдарының еңбектері пайдаланылды.

Дипломатиялық сыйлықтар ресми дипломатиялық диалогтар жүргізу үшін, шынайылықты көрсететін нышан ғана емес, сыйлық алмасу – сенім қалыптастыру мәселесі болып табылады. Хат алмасу арқылы жүргізілген келіссөздердің шынайылығы мен түпкілікті нәтижелері, негізінен дипломатиялық сыйлықтар, келісімдер және рәсімдер арқылы расталуы керек. Сонымен қатар, сыйлық – берушінің мәртебесін, күші мен жомарттығын көрсететін бәсекелестіктің символикалық бөлігі болып табылады.

Сыйлық алмасу дипломатиялық тәжірибенің ажырамас бөлігі, ал сыйлық беру рәсімі негізгі элемент болды. Дипломатиялық хаттамаға сәйкес, елшілерге салтанатты қабылдауларда үнемі сыйлықтар табыс етілді. Сыйлықтардың ең алдымен символикалық мағынасы болды, кейбір жағдайларда сирек кездесетін ерекше заттар берілді. Сыйлық алмасудың басты міндеті, екі ел арасындағы достық байланысты жандандыру мен сақтап тұру еді. Сыйлық алмасу рәсімдерінің маңыздылығын сыйлықтан бас тарту туралы мәлімдемелерден білуге болады. Сыйлықтан бас тарту, екі жақты келісімдерге қол қойылмағанын білдіретін еді.

**Түйін сөздер:** Орталық Еуразия, Алтын Орда, Моңғолдар, Мәмлүктер, Илхандар, рәсім, дипломатия, сый, ислам, символика.

M.S. Myrzabekov<sup>1\*</sup>, M.A. Namatov<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> French Institute for Academic Research, Paris, France

\*e-mail: moldahmet1964@gmail.com.

## **The role of gifts in the diplomatic traditions of the Mongol empire and the Golden Horde (based on the works of western scientists)**

The Mongol Empire and the Golden Horde left an important mark on the medieval history of Central Eurasia. A distinctive feature of the Mongol uluses after Islamization was the frequent appearance of Islamic items in their sent and received diplomatic parcels.

*The purpose of the study* is to examine how Islamic gift objects and gift-giving practices reflected the new ideology, how they were received and understood by both sides in a particular context, and the extent to which they continued or deviated from the pre-Islamic Mongol tradition.

The article used the works of Western scientists who touched upon in their research the diplomacy of Central Eurasia, diplomatic negotiations, the exchange of diplomatic gifts, including gifts of Islamic themes and their symbolic meanings, as well as the Mongolian protocol for receiving ambassadors and their rituals. Diplomatic gifts not only work as symbols that demonstrate sincerity for conducting formal diplomatic dialogues, the exchange of gifts is a matter of building trust. The authenticity and final results of these negotiations through correspondence must largely be confirmed through diplomatic gifts, trea-

of these negotiations through correspondence must largely be confirmed through diplomatic gifts, treaties and rituals. Moreover, gift giving is part of symbolic competitions that demonstrate the status, power and generosity of the sender towards the recipient. The exchange of gifts was an integral component of diplomatic practice, and the ritual of gift-giving was a key element. In accordance with diplomatic protocol, ambassadors were regularly presented with gifts at welcoming receptions. Gifts primarily had a symbolic meaning; in some cases, rare and exclusive items were given. The goal was to ensure the continuation of friendly relations between the two countries. The importance of gift exchange rituals can be inferred from reports of gift refusal. This clearly meant that no agreement had been signed between the parties.

**Key words:** Central Eurasia, Golden Horde, Mongols, Mamluks, Ilkhans, ceremony, diplomacy, gifts, Islam, symbolism.

М.С. Мырзабеков<sup>1\*</sup>, М.А. Наматов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Французский институт академических исследований, Париж, Франция

\*e-mail: moldahmet1964@gmail.com.

### Роль даров в дипломатических традициях Монгольской империи и Золотой Орды (по материалам трудов западных ученых)

Важный след в средневековой истории Центральной Евразии оставили Монгольская империя и Золотая Орда. Отличительной особенностью монгольских улусов после исламизации стало частое появление исламских предметов в их отправляемых и получаемых дипломатических посылках.

*Цель статьи* – рассмотреть, как исламские предметы в качестве даров и обычаи дарения отражали новую идеологию, как они были восприняты и поняты обеими сторонами в конкретном контексте, и в какой степени они продолжали или отклонялись от доисламской дипломатической традиции.

В статье использовались труды западных ученых, которые затрагивали в своих исследованиях дипломатию империи Центральной Евразии, дипломатические переговоры, обмен дипломатическими подарками, в том числе, подарки исламской тематики и их символические значения, а также, протокол приема послов и их обряды.

Дипломатические подарки работают не только как символы, демонстрирующие искренность для ведения официальных дипломатических диалогов, обмен подарками является вопросом укрепления доверия. Подлинность и окончательные результаты этих переговоров посредством переписки во многом должны быть подтверждены через дипломатические подарки, договоры и ритуалы. Более того, дарение подарков является частью символических соревнований, демонстрирующих статус, могущество и щедрость отправителя по отношению к получателю. Обмен подарками был неотъемлемым компонентом дипломатической практики, а ритуал вручения подарков был ключевым элементом. В соответствии с дипломатическим протоколом, послам регулярно вручались подарки на приветственных приемах. Подарки в первую очередь имели символическое значение, в ряде случаев дарились редкие и эксклюзивные предметы. Задача заключалась в том, чтобы обеспечить продолжение дружественных отношений между двумя странами. О важности обрядов обмена подарками можно сделать некоторые выводы из сообщений об отказе от подарков. Это означало, что между сторонами не было подписано никакого соглашения.

**Ключевые слова:** Центральная Евразия, Золотая Орда, Монголы, Мамлюки, Илханы, церемония, дипломатия, дары, ислам, символика.

### Кіріспе

Ислам мәдениетіндегі дипломатиялық қарым-қатынастар тарихы ежелден келе жатқан дәстүрге ие, бірақ оның материалдық, мәдени аспектілері мен сыйлықтардың мәніне соңғы уақытта ғана көңіл бөлінуде. Дипломатиядағы ислам мазмұнындағы сыйлықтардың рөлі мен символикалық мағыналарын айқындамас бұрын, Орталық Еуразиядағы сыйлық беру дәстү-

ріне шолу жасау керек. Сыйлық беру – Орталық Еуразиядағы ортағасырлық сарай мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылды және театрландырылған сахналық көрініс ретінде қабылданды. Сыйлықтардың материалдық құндылығымен қатар, елшінің сөйлеу мәнеріне, дауыс ырғағына, ойдың негізгі мазмұнын жеткізетін орындаушылық әрекеттеріне баса мән берілді. Сыйлық берудің театрландырылған көрінісі дипломатиялық кездесулерде қарқынды түрде көрсетілді.

Шыңғыс ханға дейінгі сыйлық берудің еуразиялық дәстүрлерінің ішінде екі дәстүрді бөліп көрсетуге болады. Солардың бірі – моңғол мемлекеті мен қоғамында пайда болып, дамыған Орталық Еуразиялық немесе Алтайлық дәстүр. Екіншісі, моңғолдар Цзинь мен Оңтүстік Сун әулеттерін жаулап алғаннан кейін өздеріне икемдеп, өзгертіп алған қытай дәстүрі. Бұл екі дәстүр өзара әрекеттесіп, дамып, бірқатар өзгерістерге ұшырады.

IX-XV ғасырлардағы деректер елшіліктерді қабылдау барысындағы ресми дипломатиялық рәсімдердің егжей-тегжейлі сипаттамасын көрсетеді. Деректердегі жазбалар ресми қонақтарды қарсы алу барысындағы мазмұнды көріністі толық сипаттайды. Дипломатиялық хаттама – рәсімдердің жан-жақты жиынтығы болса, ал елшілерді қабылдау сарай қызметкерлері мен қала халқы тамашалайтын көрініске айналды. Шетелдік елшілерді қабылдау кезінде көрсетілген тамаша көрініс, елшілердің санасына байлық, сән-салтанат пен ұлылық туралы әсер қалдыратындай етіп ұйымдастырылды.

### Материалдар мен тәсілдер

Мақалада Питер Голденнің түркі халықтарының сарай мәдениеті туралы ғылыми еңбегі (Golden, 2013: 21-73), Мин империясы кезеңіндегі Ішкі Азияға шәй және жылқы саудасы туралы Моррис Россабидің еңбегі (Rossabi, 1970: 68-136), Джеймс Миллуордтың Іле өзені мен Тарбағатай тауларының аумағында өмір сүрген қазақтармен Цин империясының 1758-1859 жылдардағы жібек, жылқы саудасы туралы (Millward, 1992: 1-42), Никола Ди Космоньң қытайлар мен дала империясының арасындағы ежелгі дәуірдегі байланыстары туралы ғылыми еңбектері (Di Cosmo, 2015: 49-72), Дорис Баренс-Абусейф зерттеулері пайдаланылды (Behrens-Abuseif, 2014:62).

Джонатан Карам Скафф Қытай мен түркі-моңғолдар арасындағы қарым-қатынас тарихына тың пікір қосты. Скафф көзқарасы бойынша, Қытай мәдени аймағы, саяси және дипломатиялық кеңістікте біршама кеңірек «Шығыс Еуразиялық» аймаққа қосылды, бұл өз кезегінде Оңтүстік Азия, Батыс Азия және Византиямен байланыс арқылы кеңейіп, «Еуразиялық» мазмұнға ауысты (Skaff, 2012).

Кембриджде шыққан «Дүниежүзі тарихының» бесінші томындағы «Сарай мәдениеттері» деп аталатын тарауда Патрик Дж. Гири және оның әріптестері, ортағасырлық Еуразиялық са-

райлар, билікті жүзеге асыру мен өкілеттіліктің еуразиялық жүйесіне тартылды, – деп болжайды (Geary, 2015). Моңғол империясындағы насидждің (матаның) қолданылуын Томас Т. Алсен (Аллсен, 1997), ал ортағасырлық Еуропада кең тараған татар маталарын Дэвид Джейкоб (Jacoby, 2010) зерттеген.

Реувен Амитай – моңғолдардың империялық идеологиялық бақталастықтарын зерттеуге мұрындық болғандардың бірі. Амитай моңғолдар мен мәмлүктердің қарым-қатынасы туралы зерттеулерінде, әскери қақтығыстармен қатар екі жақтың елшіліктері мен хат алмасуы ешқашан толық үзілмегенін атап өтеді (Amitai, 2006:40-78).

1260 жылғы Айн Джалут шайқасынан, 1405 жылғы Темір өліміне дейінгі Мысырдың мәмлүк сұлтандары мен Сирияның және моңғол әлемі арасындағы идеология үшін күрестің тұтас және әулеттік көрінісін А. Бродбридж ұсынады (Broadbridge, 2008). Бродбридж зерттеулері дипломатиялық келіссөздерді талдауға бағытталған. Жеке елшілердің тәжірибелері, дипломатиялық сыйлықтармен алмасу, іс жүргізу және дипломатиялық құжаттардың астарлары қарастырылады. Географиялық мағынада Бродбридждің зерттеу аймағы Моңғол империясының Батыс Еуразиялық бөлігі болып табылады.

Моңғол сарайларындағы жаңа ислам элементтері мұсылман саяхатшысы Ибн Баттутаның жазбаларында (Battuta, 2013), Кастилия елшісі Клавихоның (Clavijo, 2009) есептерінде кеңінен ұсынылған. Ибн Баттута мен Клавихоның моңғол хаттамаларына қатысты жазбалары, яғни, елшілерді қабылдауы және олардан сыйлық алуы, билеушінің алдында тізерлеп тұру рәсімдері Уильям Рубрук пен Марко Полоның есептерінен айтарлықтай ерекшеленбейді.

Мақаланың деректік негізі ағылшын тіліне аударылып жарық көрген Рашид ад-Диннің «Джамиит-Таварих» еңбегі (Игорь де Рахевильцтің аудармасы), «Монах Вильгельм Рубруктың миссиясы: Ұлы Хан Мөңкенің сарайына саяхаты, 1253-1255» (Питер А. Джексон мен Д.О. Морган аудармасы); «Моңғолдардың құпия тарихы: Он үшінші ғасырдағы моңғолдардың эпикалық шежіресі» (Игорь де Рахевильц аудармасы); Джувеини «Әлемді жаулап алушының тарихы» (Эмиль Бретшнайдер аудармасы); Иоанн Платано Карпини, «Моңғолдар тарихы» (Кристофер Доусон редакциясы); Ибн Баттут, «Азия мен Африкаға саяхат: 1325-1354» (Х. Гибб аудармасы); Руй Гонсалес де Клавихо, «Гонсалес де Клавихоның Самарқандтағы Темір сарайына

елшілігі туралы, б.д. 1403–1406 жылдары» (Клементс Р. Маркхэм аудармасы).

Мақаланы жазу барысында авторлар тарихнамалық негіздеме жасап, тарихи-жүйелілік тәсілдерін қолданып, анализ, синтез, хронологиялық, тарихи салыстыру әдістерін пайдаланды.

### Нәтижелері және талдау

Питер Голден – еуропалық ғұндар, аварлар, эфталиттер, түркілер, ұйғырлар, күрлұқтар, оғыздар, кимақтар, хазарлар мен Еділ бойындағы бұлғарлардың тарихын зерттей келе, Орталық Еуразияның көшпенділері ортақ дәстүрдің бір бөлігі болғандығын анықтайды. Бұл халықтардың билеушілері де өз сарайларын алтынмен әшекейленген үлкен шатырларға немесе ағаш залдарға орнатқан, қонақтарды шеніне байланысты отырғызудың қатаң тәртібі болған. Елшілер император сарайына кірмес бұрын «тазару» рәсімінен өтуге міндетті болды (Golden, 2013: 21-73).

Ортағасырлық Қытай династияларында, шетелдік саяси құрылымдармен сыйлық алмасу қытайлық алым жүйесіне енгізілді. Әдетте сыйлықтарға жылқылар, асыл тастар және көшпенділердің экзотикалары ұсынылды, жібек пен басқа да бағалы маталарға айырбасталды және бұндай сыйлық алмасу, «жібек немесе шай саудасы» деп аталатын кең ауқымды коммерциялық қызметтің алғышарттары болды (Beckwith, 1991:183-198; Rossabi, 1970:136-68; Millward, 1992: 1–42). Қытай зерттеушісі Чжаогуан Гэ көрсетуі бойынша, қытайлық алым жүйесі идеологиялық тұрғыдан Конфуцийдің «Аспан астындағы империя» идеясына сай келді. Бұл идеология бойынша Қытай әлемнің орталығында орналасқан деп есептелді. Өзге шетелдік саяси құрылымдар түгелдей алым-салық төлеуші болып саналды және олардың елшілері күрделі сарай рәсімдеріне сәйкес қабылданды (Zhaoguang Ge, 2018:19-20). Қытайға бағытталған интерпретация үлгісін 1960 жылы синолог Джон Кинг Фэйрбанк одан әрі дамытты, сондықтан ондаған жылдар бойы Батыстың ғылыми түсінігінде Қытай мен Дала империяларының қарым-қатынасы туралы қытайшылдық парадигма басым болды (Fairbank, 1968:1-19; Fairbank, Têng: 1941:135-246). Оуэн Латтимор еңбегінің пайда болуымен ғана Қытай тарихының ішкі Азиялық өлшемдері ашылды. Көшпенділердің бастамасы бірте-бірте мойындалып, екі ұстаным пайда болды. Никола Ди Космо көрсетуі бойынша, біріншісі – көшпелі экономиканың өзін-өзі қамтамасыз ете ал-

майтындығына және оның ауылшаруашылық аймақтарына тәуелділігіне баса назар аударатын функционалистік көзқарас. Себебі, көшпенділер экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, алым-салық пен сауданы бопсалау формасы ретінде пайдаланды.

Екіншісі, коэволюциялық модель – көшпенділердің әлеуметтік ұйымы мен жоғары саяси ынтымақтастығы экономикалық және жоғары әскери мәртебеге жету үшін қытайлармен бірге дамып, бірақ, бөлек, бәсекелес жүйе ретінде әрекет етті деп дәлелдейді (Cosmo 2015: 49-72). Бұл – көшпенділермен сыйлық алмасудағы Қытай әулеттерінің үстемдігі туралы пікірлерді қайта қарастырады. Джонатан Карам Скафф Қытайға бағытталған парадигманы сынайды. Скафф көзқарасы бойынша, дипломатиялық рәсімдердің ұқсас хаттамасы Қытайдың Тан династиясында, Түркі қағанатында, Византияда және Сасанидтік парсыларда кең таралған. Бұл елдердегі дипломатиялық рәсім сыйлық және хат алмасу, аудиенция өткізетін орын дайындау, елшілерді статусына байланысты отырғызу, билеушінің алдында елшінің өзін ұстау ережесі, елшінің құрметіне қонақ қабылдау шарасын өткізуден тұрды (Skaff, 2012:148-155). Ортағасырлық Еуразия әлеміндегі дипломатиялық хаттамалардың жалпы біртектілігін көрсететін бұл ұстаным Батыс Еуразия мәселесімен айналысатын ғалымдардың оң бағасын алды.

Вальтер Поль, грек және латын дипломатиялық есептеріне сүйене отырып, ғұндар мен аварлардың, Батыс Түрік қағанатының және Моңғолдардың сарай мәдениетін зерттейді (Pohl, 2001: 439-466). Оның пайымдауынша, бұл жазбаларда варварлар сарайындағы өмірдің экзотикалық, таң қалдыратын немесе түсініксіз аспектілері көрсетілмеген, керісінше, варвар билеушілері мен батыс елшілері арасында сөздер, ым-ишара, белгілер, сыйлықтар, қорқытулар және бұйрықтар арқылы өзара әрекеттесу оларға жақсы таныс болған (Pohl, 2001: 464-466).

Кембриджде шыққан «Дүниежүзі тарихының» бесінші томындағы «Сарай мәдениеттері» деп аталатын тарауда Патрик Дж. Гири және оның әріптестері, Еуразиядағы дипломатиялық тәжірибесінің ортақ дәстүрлері мен дамып келе жатқан дәстүрлерін атап өтті. Олар алдымен әртүрлі сарайлық дәстүрлердің шежіресін белгіледі. Хань дәуіріндегі Қытай мен Рим империясы Шығыс Азия мен Батыс Еуразия үшін ерекше сарайлық дәстүрлер үлгісі болды. Хань дәуіріндегі Қытай Жапонияға және басқа елдерге үлгі болса, Рим империясы Византияға, Рим

Папасының мемлекетіне, Батыс варварлық корольдіктеріне үлгі болды (Geary, 2015:179-205). Олардың пікірінше, еуразиялық сарайлар ешқашан бір-бірінен оқшауланбаған, керісінше, басқа сарай мәдениеттерінің құндылықтарын игеру тәжірибесін сақтап қалған, елшілерді қабылдау, бағалы сыйлықтар алмасу сарай байланыстарының өзегі болған. Елшіліктер мен сыйлықтар алмасудың ортақ классикалық дәстүрлеріне назар аударып отырып, еуразиялық ортағасырлық сарайлар бір-бірімен байланыста болды, – деген пікірді бірқатар ғалымдар басшылыққа алады. Сыйлық алмасу, алым-салық, еуразиялық дипломатиялық жүйенің ажырамас бөлігін құрады және оған елшілерді рангсы бойынша отырғызу, билеушінің алдында өзін ұстау этикеті қосылды. Сонымен қатар, сыйлықтар мен алымды ажырату оңай болмады, сыйлық пен алымның айырмашылығы беруші мен алушының өзара қарым-қатынасына көбірек байланысты болды.

Моңғолдар елші жіберу мен қабылдаудың жақсы әзірленген рәсімін қолданды, бұл, моңғолдардың еуразиялық сарай дәстүрінің бір бөлігі болғандығын көрсетеді. Көптеген басқа мемлекеттер сияқты, моңғол ханының сыйлық берудегі мақсаты – ықпал ету аймағын көрсету болды, ал сыйлықтың мазмұны, сыйлықты алушының тікелей қажеттілігіне байланысты өзгеріп отырды. Сыйлықтардың көпшілігі жергілікті сирек кездесетін заттар еді, алыстан келген заттар да жоғары бағаланды. Моңғол сарайы жіберген ең бағалы сыйлықтардың бірі «насидж» (nasij) – деп аталатын алтын және жібек жіптерден тоқылған матаның ерекше түрі болды (Allsen, 1997; Robing in the Mongolian Empire, 2001: 305-13). Еуропада олар «Panni Tartarici», яғни татарлардың немесе моңғолдар жерінің матасы деп те аталды (Jacoby, 2010: 71–88; Oriental Silks, 2016: 93-123). Ұлы ханның батыстағы моңғол хандары мен вассал билеушілеріне сыйға тартқан шапандары негізінен насиджден тігілді. Мысалы, 1265 жылы Абака, әкесі Құлағу қайтыс болғаннан кейін, «Илхан» титулында таққа отырды, бірақ оның ресми тағайындалуы Қытайдағы Ұлы Моңғол ханының растауымен бес жылдан кейін іске асты. 1270 жылы Ұлы Моңғол ханы Құбылайдың өкілдері Абакаға жарғы, тәж және құрмет көрсету белгісі ретінде шапан әкелді. Осыдан кейін Абака екінші рет таққа отырды (Rashid ad-Din, 2004: 535; Allsen, 2001: 25).

Моңғол империясының сарайына келген шетелдік елшілердің «насидж» – қымбат мата алу мүмкіндігі болды. Вильгельм Рубрук өз жазбасында, Мөңке ханның бәйбішесі елші қо-

нақтарға сыйлық таратқанын айтады. Рубрукке сыйлыққа насидж матасы беріледі. Бірақ, Рубрук бұл бағалы сыйлықтан бас тартқандықтан, насидж Рубруктің аудармашысына беріледі. Рубрук жазбасында, сыйлыққа алған насиджді аудармашының Кипрда сексен безантқа (bezant – кипрдің ортағасырлық ақшасы) сатқанын білеміз (The Mission of Friar William of Rubruck, 1990: 91-190).

Моңғол билеушілерінің қымбат матадан басқа сүйікті сыйы жануарлар еді. Моңғол империясының сарайында алмасатын ең тартымды сыйлық жануарлар түрінде болды. Моңғол ақсүйектерінің көпшілігі гепард, сұңқар сияқты аңдарды аулаумен айналысқан. Гепардтар Батыс Азия мен Солтүстік Африкадан, ал сұңқарлар солтүстік орман алқаптарынан болды. Еуразияда аң аулау үшін гепардтар мен сұңқарларды пайдалану ертеден бар (Allsen, 2006: 73-82). Моңғол империясының сарайында пайда болған гепардтар негізінен Ирандағы Илхан мемлекетінен әкелінді. Сыйға берілген гепардтар туралы мәлімет 1298 жылғы Газан ханның сыйлықтарының тізімінде және 1326 жылы Өзбек ханның сыйлықтарының тізімінде болған (Waşşāf, 2013: 45). Уильям Рубрук жазбаларында, 1251 жылы Мөңке ханның таққа отыруына сыйлық ретінде Үндістан сұлтаны сегіз гепард пен он тазы жібергенін айтады (The Mission of Friar William of Rubruck, 1999:247).

Сұңқарлар Алтын Ордадағы сирек кездесетін сыйлық түрі болды. Бұл құстар Мәмлүктік Мысырға жіберілген сыйлықтарда жиі көрініс алды. Мысалы, Өзбек хан 1316 жылы сұлтан Ан-Насыр Мұхаммедке (1293-94, 1299-1309 және 1310-41 билік еткен жылдары) үш сұңқар мен басқа да сыйлықтарды оның сыйлығына жауап ретінде жіберген (Беренс-Абусейф Дорис, 2014:65). Сұңқар тұқымдас құстар алым-салық ретінде Азияның солтүстік-шығыс ормандарының жергілікті халықтарынан келді. 1207 жылдан бастап Сібірдің орман халықтары алым-салық ретінде ақ сұңқарларды, жылқыларды және қара бұлғындарды жіберіп отырды (Rashid al-Din Fadl Allah, 2004:164).

Моңғол сарайына жылқы, піл және түйе сияқты жануарлар да сыйлық ретінде әкелінді. Моңғолдар мен көшпелі халықтар үшін жылқының стратегиялық рөлі ерекше екені белгілі. Моңғол жылқылары ауа-райының төтенше жағдайларында күшімен және төзімділігімен бағалы еді. Моңғол императорының сарайына сыйлық ретінде әкелінетін жылқылар моңғол жылқылары емес еді. Қытай деректерінде олар «си ма»

деп аталды, сөзбе-сөз аударғанда «батыстан келген жылқы», болжам бойынша араб жылқылары. 1323 жылы Шағатай ханы Кебектен, 1326 жылы Ильхан Әбу Саидтан Есен Темірге деген сыйлықтар тізімінде араб жылқылары болған. 1332 жылы Туг Темірге Шағатай ханы Тармашырын (1331-1334 жылдары билік еткен) сыйлыққа араб жылқысын жібереді. Юань династиясының соңғы императоры Тогон Темурге (1333-1368 жылдары билік еткен) Шағатай ханы Есун Темір 1342 жылы үш араб жылқысын, 1353 жылы Алтын Орда ханы Жәнібек екі араб жылқысын сыйлыққа жібереді. Император сарайына келген ең әйгілі жылқы Рим Папасы XII Бенедикттің легаты Францискан орденінің монахы Джон Мариньолли әкелген жылқы болуы мүмкін (China and the Way Thither, 1914).

Император сарайында Оңтүстік-Батыс Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия және Үндістаннан әкелінген азиялық пілдер болды. Моңғолдар пілдерді алғаш рет Орта Азияда 1219-1221 жылдары Шыңғыс ханның Хорезмге жорығы кезінде кездестірді. Хорезм шахы Ала-уд-Дин, Оңтүстік Үндістандағы көршілерінен алған пілдерді Самарқанд бекінісін алу үшін пайдаланбақ болды (Juvaini, 1997:119). Моңғолдар XIII ғасырдың соңғы онжылдығында Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Далимен (қазіргі Қытайдың Юньнань провинциясы), Аннаммен және Бирмамен соғысқанда пілдерді жиі кездестірді (Fiaschetti, 2017). Пілдер моңғол империясының сарайында алғашында Оңтүстік Шығыс Азиядан алынатын олжа болса, кейін алым-салыққа айналды.

Түйелер – моңғолдың таулы аймақтары мен Орта Азияда кең таралғандықтан, Ұлы Моңғол ханына сыйлық ретінде аса тән емес еді. Дегенмен, жергілікті түйелер жалғыз өркешті араб түйелері емес, қос өркешті түйелер болды. Сондықтан, кейбір сыйлықтардың тізімінде түйелерді кездестіруге болады. Мысалы, 1326 жылы Есун Темірге Ильхан Абу Саид түйелерді сыйға берген. Сондай-ақ, Иоанн Карпини 1246 жылы Гуюк ханның таққа отыруына сыйлық ретінде бір провинция губернаторының бірнеше түйе әкелгенін айтады. Иоанн Карпини бұл түйелердің түрі туралы ешқандай ақпарат бермейді, бірақ түйелердің үстіне қымбат парча матасы жабылып, әшекейленгенін көрсетеді (Carpini, 2005:64).

Батыстағы моңғол ұлыстарының өзге мемлекеттермен сый алмасу тәжірибесінен ислам дінінің ықпалын байқауға болады. Моңғолдардың батыстағы үш ұлысының дипломатиялық сыйларында исламдық нышандар жиі көрініс

ала бастады. Мысалы, 1260-1430 жылдары Алтын Орда мен Мәмлүктік Мысыр мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың сый алмасу дәстүрінде ислам нышанындағы заттарға басымдылық беріле бастады. Алтын Орда мен Мәмлүктік Мысыр тарихындағы байланыс одақтастыққа негізделгендіктен, елшіліктер мен сый алмасу екі мемлекет арасында қарқынды орын алды (The Golden Horde in World History, 2017: 329-346; Mamluk Cairo, 2019: 302-324). Елхан мемлекеті мен Мәмлүктік Мысыр арасында да дипломатиялық келісімдер мен сый алмасу жалғасын тапты, бірақ, екі мемлекеттің байланысы көбіне соғыс жағдайында болды.

Ислам нышанындағы сыйлардың арасында Құран қолжазбалары, жайнамаздар, тақиялар көп кездесті. Ислам нышанындағы ең танымал сый – Мәмлүк сұлтаны Бейбарыстың Алтын Орда ханы Беркеге 1263 жылы жіберген Құран қолжазбасы. Бұл Құран VII ғасырда өмір сүрген Халиф Осман ибн Аффанның қолымен жазылған еді. Құранды қымбат матаға орап, әшекеймен безендірілген қорапқа салып сыйға тартқан (Behrens-Abouseif, 2014: 150-151). Құранның 60 томдық қолжазбасы Илхан Әбу Саидтың 1320 жылы мәмлүк сұлтаны Ан-Насыр Мұхаммедке жіберген сыйларының арасында да болды (Behrens-Abouseif, 2014: 66).

1401 жылы Әмір Темір әскерімен Дамаскіге жақындаған кезде, Дамаскінің билеушісі Насыр Фарадж, танымал тарихшы Ибн Халдунға елші ретінде Темірмен келіссөз жүргізіп беруін өтінді. Ибн Халдун Темірге сый ретінде Құран қолжазбасын ұсынады. Темір өз кезегінде Құранды төбесіне қойып, өзінің дінге адалдығын көрсеткен, -деп жазады профессор Дорис Баренс-Абусейф (Behrens-Abouseif, 2014:71-72). Профессор Дорис Баренс-Абусейф, мұсылмандардың күнделікті қолданысына ие жайнамаз бен тақия Құран қолжазбаларына қарағанда сыйға жиі берілгенін, 1263 жылы сұлтан Бейбарыс, Берке ханға өртүрлі түстегі жайнамаздарды жібергенін жазады (Behrens-Abouseif, 2014:62). 1320 жылы Әбу Саид, Әл-Насыр Мұхаммедке өзара жауласуды тоқтатудың белгісі ретінде өзінің басына киіп жүрген тақиясын сыйға береді (Behrens-Abouseif, 2014:151). Ортағасырлық ислам әлемінде сыйлық ретінде берілген жеке қолданыстағы заттардың құндылығы жоғары болды, сыйды алушыға деген құрметті білдірді.

Иерусалимдегі Иса қабіріндегі шамнан алынған қасиетті майдың сиқырлы емдік күші бар деп есептелді, сондықтан ағайынды Никколо мен Маффео Поло Құбылай ханға Иса қа-

біріне қойылған шамның майы мен Меккедегі қасиетті Әл-Зәмзәм құдығынан суды сыйға тартқан. Ислам теологиясында құдықты, анасы Хажармен шөлде қалған Ибраһимнің ұлы Исмаилді күтқару үшін Алла жаратқан. Бейбарыс сұлтанның Берке ханға арнап дайындаған сыйлық жинағына осы құдықтың суы да кірген (Behrens-Abouseif, 2014:151).

Моңғолдар мен мәмлүктер арасында алмасатын ислам нышанындағы заттар әдетте ортақ сенімді, бейбітшілік пен келісімді білдіреді. Дегенмен, билеушілер алмасатын сый мазмұнын егжей-тегжейлі қарастыратын болсақ, бәсекелестіктің белгілерін аңғаруға болады. Мәмлүк сұлтандары ислам мәселесіне келген кезде, ислам дінін ұстанған моңғол билеушілеріне қарағанда өздерінің орнын жоғары көрсетуге ұмтылды. Бұл ұмтылыстың себебін Бродбридж, мәмлүк сұлтандарының шығу тегінің қарапайым болғандығымен байланыстырып, ислам мәселесінде, моңғол билеушілеріне қарағанда мәмлүк сұлтандарының орнының жоғарылығы, олардың шығу тегінің қарапайымдылығының өтемақысы ретінде қолданылды, -деп түсіндіреді (Broadbridge, 2008: 27).

1261 жылы Берке мен Құлағудың бақталастығын білген Бейбарыс, Беркеге хат жолдап, мұсылман ретінде Беркенің басқа «дінсіз» моңғол туыстарына қарсы жиһад жасауы керектігін ескертеді. Алтын Орда жағы бұл хатқа оң жауап беріп, Берке хан одан әрі келіссөздер жүргізу үшін Каирге елшілер жібереді. 1261 жылы Бейбарыс сұлтан, 1258 жылы Құлағу құлатқан халифатты қалпына келтіреді. Халифатты қалпына келтіру құрметіне арналған салтанатты рәсімге Беркенің елшілері шақырылады. Салтанатты жиында сұлтан Бейбарыс халифқа ант берді, ал халиф Бейбарысқа бүкіл ислам әлемі мен жалпы мұсылмандардың игілігін қамтамасыз етуді тапсырады. Салтанатты рәсімнен кейін Бейбарыс Беркеге ислам нышанындағы сыйлық, жаңа халифтың шежіресін және хат жібереді (Broadbridge, 2008:96).

Халифаттың және бүкіл мұсылман әлемінің қамқоршысы деген мәмлүк сұлтандарының жаңа атағы, моңғол билеушілерінің алдында мәмлүк сұлтандарының беделін көтеріп, исламдағы жетекшілік үшін болып жатқан символикалық бәсекелестікте оларды фавориттік орынға көтеріп тастады. Кейін бүкіл мәмлүк сұлтандығы бойынша жұма намазының уағзына Берке ханның есімі де енгізілді (Ayalon, 1972: 137-138).

Меккедегі Қағбаның сыртқы қабырғаларын жабатын матаны қандай мұсылман билеушісі

садақа ретінде беруі керек деген мәселе төңірегінде де бәсекелестіктер орын алды. Кисва, кисвах, кисуах (араб. *القوسك*) – Қағбаның қабырғаларын жабатын, алтын жіптермен өрнектелген қара жібектен жасалған дәстүрлі жабын. Дәстүр бойынша кисуах жыл сайын жаңартылуы керек және кисуахты садақа ретінде беру құқығы ұзақ уақыт бойы халифтың артықшылығы ретінде саналған.

1258 жылы Бағдадтағы Аббасид халифаты құлағаннан кейін бұл мәселеге қатысты қалыпты жағдай бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бұл бәсекелестік мәмлүк сұлтандары, Йеменнің Расулид сұлтандары, Меккенің шәрифтері арасында орын алды. Нәтижесінде мәмлүк сұлтандары «екі асыл киелі орындардың қызметшілері» атағын иеленді, Мекке мен Мәдина билеушілері олардың вассалдары мен әмірлері болды, ал кисуа беру құқығын олар 1517 жылы Осман сұлтандығы құлағанға дейін ұстады (Meloy, 2015).

Ислам дінін ұстанған моңғол билеушілері өздерінің заңдылығы үшін Хиджаздың маңызын және кисуа берудің символикалық мәнін жақсы түсінді. Олар оны мәмлүктермен бақталастық алаңы ретінде қарастырды. Мысалы, 1300 жылдардың басында Газан хан Ан-Насыр Мұхаммедке діни астарда шабуыл жасауға әрекеттенді. Газан – Құлағу мемлекетінің илханы (1295-1304), буддизмнен бас тартып, 1295 жылы Илхан болып жарияланған соң, ислам дінін мемлекеттік дінге айналдырған. Газан ханның ислам дінін қабылдауына орай, Мәмлүк сұлтаны Ан-Насыр Мұхаммедтің құттықтаулар мен сыйлықтар жібермеуін негізге ала отырып, Газан – сұлтан Ан-Насыр Мұхаммедті билеушілік ұстанымының жеткіліксіздігі үшін айыптап хат жолдайды (Broadbridge, 2008:80-85). Көп ұзамай Газан хан исламда үстемдікке ұмтылды. 1303 жылы Қағбаны қорғаушы болатынын мәлімдеп жарлық шығарады, Мәдина мен Меккеге жорыққа өзінің әмірлерінің бірін әскери қолбасшы етіп тағайындады. Ғазан хан әскері жорықтан Қағбаға арналған баға жетпес кисуа, Ғазан ханның аты жазылған керемет махмал (орындық) және Хиджаздағы билеушілерге, шейхтарға арналған садақа ретінде он екі тұман алтын алып келді. Бірақ Мардж ас-Саффар шайқасында моңғол әскері мәмлүктерден жеңіліп, моңғолдар көздеген мақсатын іске асыра алмады (Melville, 1992:198-199). Мардж ас-Саффар шайқасы 1303 жылы Дамасктің оңтүстігінде мәмлүк пен моңғол әскерлері арасында болып, үш күнге созылды. Шайқас моңғолдардың толық жеңілуімен

аяқталып, олардың Таяу Шығысқа жорығын тоқтатты.

1319 жылы Илхан Әбу Саид кiswa беруге тағы да ұмтылды. Ол Қағбаға арналған кiswa және ислам нышанындағы заттары бар керуен жіберді. Илханның уәзірі Тәж ад-Дин Әли шах Гилани Қағбаның есіктеріне ілуге арналған асыл тасты екі жүзік жіберді. Мелвиллдің көрсетуі бойынша, мәмлүк сұлтаны жүзікті қабылдап, кiswa қабылдаудан бас тартқан (Melville, 1992: 202).

Әмір Темір ұрпақтары да Меккемен байланысын нығайту арқылы өз заңдылығы мен беделін көтеруге ұмтылды. Темір империясының дамуындағы ең дамыған кезеңі – Шахрух (1377–1447) билігі тұсында, мәмлүктермен кiswa мәселесіне байланысты келіссөздер жүргізуге қолайлы жағдай туды. Барсбай сұлтан (1422-1438) қайтыс болғаннан кейін оның мұрагері Жақмақ (1438-1453) Темір ұрпақтарының өтінішіне қарсы тұра алмады. 1444 жылы Каирге жүз адамнан тұратын елшілік келді. Олар әкелген сыйлықтар арасында Қағбаға арналған кiswa да болды. Сұлтан Жақмақ елшілікті жоғары деңгейдегі құрметпен қабылдады. Сондай-ақ, кiswa Қағбаның ішіне емес, сыртына ілінеді деген шартпен, кiswa арқылы садақа беру өтінішіне де келісті (Dekkiche, 2015: 247-271).

Құлдар – ортағасырлық әлемнің дәстүрлі сыйлық алмасу контекстінде исламды ұстанған моңғол билеушілері арасында жаңа мағынаға ие болды. Негізінен, дипломатиялық сый ретінде құлдарды алу немесе жіберу Ұлы Моңғол ханының Қарақорым мен Пекиндегі императорлық сарайында жиі байқалмайтын. Мұның басты себебі, Мәмлүктік Мысыр мен ислам әлеміндегі басқа мемлекеттерге қарағанда, моңғолдар әскер ұстауда құлдық жүйеге сүйенбеген (Amitai, 2006: 78). Моңғолдар үшін құлдар – сатып алу немесе сыйлық алмасу арқылы емес, ең алдымен тұтқынға түскендер арасынан алынды (Biran, 2015: 27-42; Guzman, 2010: 122-150).

«Моңғолдардың құпия тарихы» дереккөзінде 1227 жылы соңғы таңғұт императоры Ли Сянь Шыңғыс ханға сый-сияпат жасағаны айтылады. Ол әкелген сыйлықтардың ішінде Будданың алтын мүсіндері, алтын және күміс тостағандар мен ыдыстар, жылқылар мен түйелер бар еді. Сыйдың әр түрі тоғыздан болды (Rashid al-Din Fadl Allah, 2004. Vol. 1: 199).

Ибн Баттутаның атақты саяхат жазбасында, Юань әулеті мен Дели сұлтандығы арасындағы сыйлықтар алмасу туралы есебінде сыйға берілген адамдар туралы да көрсетілген. 1342 жылы

Дели сұлтаны Мұхаммед бин Тұғлұқтың императорлық сарайында, Баттута «Қытай патшасы» жіберген елшілермен кездескен. Олар сұлтанға бағалы сыйлықтар, оның ішінде жүз құл, бес жүз дана барқыт пен жібек, мускус, алтынмен әшекейленген киімдер, қару-жарақ әкелген. Бұған жауап ретінде сұлтан одан да бай сыйлық жиынтығын жіберген, оның ішінде жүз асыл тұқымды жылқы, жүз ақ нәсілді құлдар, жүз үнді бишілері мен әнші қыздарын, мың екі жүз түрлі маталар, алтын және күміс шамдар, парчадан тігілген киімдер, інжу-маржанмен өрнектелген бас киімдер, семсер, қылыш болған (Battuta, 2013: 214). Батыстағы моңғол ұлыстарына келетін болсақ, ортағасырлық сыйлық ретінде құлдар, мәмлүктік Мысырмен дипломатиялық байланыста маңызды болды. Ер жынысты құлдар сұлтанның жеке қамқорлығына берілсе, әйелдер негізінен сұлтан гареміне жіберілді. 1263 жылы одақты бекіту үшін Бейбарыс сұлтан мен Берке хан бір-біріне бағалы сыйлықтар дайындады. Бейбарыс алтын-күміс, діни нышандағы сыйлықтар, сирек кездесетін заттар мен жергілікті жануарлардан басқа, Берке ханға аспаздар, қара нәсілді уәзірлер жіберді. Берке күндерді және басқа да қазыналарды алып қайтты (Behrens-Abouseif, 2014: 62-63).

1320 жылы мәмлүктік Мысыр мен Илхан билеушілері қарым-қатынастарын жақсарту үшін бірқатар келіссөздер жүргізуге бастамашылық етті. Илхан Абу Саидтің Каирге 1320 жылы жіберген сыйлықтарының ішінде бірнеше күң болса, 1329 жылы жеті мәмлүк, 1331 жылы он мәмлүк пен екі әнші күнді жіберді (Behrens-Abouseif, 2014: 67-68).

Кейбір жағдайларда, құлдарды Еуропаның христиан билеушілеріне ортағасырлық сый ретінде, исламды ұстанған түркі-моңғол билеушілері де ұсынған. Клавихоның айтуынша, 1402 жылы Темір, Ангелина және Мария есімді екі христиан әйелді Кастилия королі III Генрихке жіберген. Ангелинаның тегі венгр, ал Мария грек болған деп болжанады. Темір оларды Анкара шайқасынан кейін, Осман сұлтаны I Баезидтің гаремінен алған (Clavijo Ruy González de, 2009). Жалпы алғанда, дипломатиялық сыйлық ретінде алынған құлдардың саны аз болды. Сондықтан, құлдарды сыйға тарту символикалық негізде болды және моңғол билеушілерінің мәмлүк дәстүріне деген құрметін білдірсе керек.

Сыйлыққа берілген құлдар мұсылман болып шыққан кезде, дипломатиялық проблемалар туындауы да мүмкін еді. 1393 жылы Темірдің Баркұққа жіберген сыйлықтарының ішінде

Багдадты қоршау кезінде тұтқындалған тоғыз мәмлүктің сегізі жоғары дәрежелі мүсылмандар болып шығады. Бұл жағдай, Темірдің бүкіл мүсылман әлеміне көшбасшылығын бекіту үшін әдейі жасалған әрекеті болуы мүмкін,- деп көрсетеді Дорис Беренс-Абусейф (Behrens-Abouseif, 2014:70-71).

Мәмлүктік Мысыр, әскері мен мемлекетін қамтамасыз ету үшін жауынгер болатын құлдарды әкелуге мүдделі болды. Илхандармен, франктермен ұзаққа созылған қақтығыстар мен соғыстар құл қажеттілігін одан әрі арттырды. Бейбарыс сұлтанның билігі кезінде мәмлүктердің әскері екі есе, сұлтанға қызмет ететін әскер саны төрт есе өскен. Ал Калаун сұлтанның мәмлүк корпусының саны 6000-нан 12000-ға дейін жеткені хабарланады (Amitai, 2017: 412).

Дипломатиялық байланыстарда сый берудің Орталық Еуразиялық дәстүрі мүсылман саясаткерлерінің арасында кең қолданысқа ие болды. Әсіресе, экзотикалық жануарларды сыйға тартудың орны ерекше еді. Мысалы, сұңқарлар Алтын Орда хандарының өз туыстарына, шығыстағы моңғол билеушілеріне беретін ерекше өкілдік сыйы болды. Бұл құстар мәмлүк сұлтандарының сыйлықтарында да жиі кездесіп отырды. 1260 жылдары Берке ханның Бейбарыс сұлтанға жасаған сыйының арасында сұңқарлар мен басқа құстардың түрі болды. 1310 жылдары Өзбек ханның сұлтан Әл-Насыр Мұхаммедке тартқан сыйының құрамында да үш сұңқар болған (Behrens-Abouseif, 2014: 65). 1329 жылы Илхан Әбу Саид Сұлтан ан-Насыр Мұхаммедке он жыртқыш құс және басқа да сыйлықтар жібереді. Мәмлүктік Мысырдың сыйлық ретінде берілетін ең тартымды жануарларының бірі жирафтар болды. Олар көбінесе шетелдік билеушілерге, соның ішінде моңғолдарға мемлекеттік сыйлық ретінде берілді.

Жирафтар Шығыс Африканың саваннасынан әкелінді және ежелгі дәуірден бері Мысырда саяси бірлестіктерге сыйға тартатын дәстүр бар еді. Деректер, Аббасидтердің, Фатимидтердің, Айюбидтердің жирафты көрші елдердің билеушілеріне сыйға беретін дәстүрі бар екенін көрсетеді. Мысалы, 1230 жылы Мысырдағы Айюбидтер династиясының сұлтаны Әл-Камилдің Сицилия королі, Қасиетті Рим империясының императоры II Фридрихқа сыйлыққа жираф жібергені белгілі. II Фридрих, жауап ретінде Норвегия королі IV Хокон (1217–1263) сыйға тартқан ақ аюды жібереді.

Мәмлүктер Мысырдың сыйға жираф тарту дәстүрін сақтап қалды. 1263 жылы Бейба-

рыс сұлтан мен Берке ханның өзара жіберген сыйлықтарының ішінде ислам нышанындағы заттармен қатар, жираф, піл, араб жылқылары, Нубия түйелері, Мысыр есектері, зебралар, маймылдар болған (Behrens-Abouseif, 2014:62).

1402 жылы сұлтан Ан-Насыр Фарадж (1399-1412) Темірге жираф және бай сыйлықтар тартуымен екі елші жібереді. Жирафқа Самарқандағы Темір сарайында болған испан елшісі Руй Гонсалес де Клавихо өз жұмысында үлкен абзац арнаған (Clavijo, 2009: 86-87). Бұл елшілікті жіберуге Темірдің Анкара шайқасында османдарды жеңуі және Осман сұлтаны I Баезидтің тұтқынға түсуі түрткі болды. Осы себепке байланысты мәмлүктер әлемнің жаңа жаулаушысымен достық жағдайда болғысы келді.

### Қорытынды

Исламданғаннан кейін моңғол империясы мен Алтын Ордада сый-сияпат беру тәжірибесінде өзгерістер де, сабақтастық та орын алды. Өзгерістер моңғолдың мүсылман билеушілері мен олардың әріптестері арасындағы сыйлық алмасу кезінде Құран қолжазбалары, жайнамаздар мен тақиялар сияқты ислам нышанындағы бұйымдардың жиі орын алуынан жақсы көрінеді. Моңғол-мүсылман билеушілері жаңа ислам идеологиясын өздерінің Орталық Еуразиялық дәстүрлеріне жақсы бейімдеді. Олар сыйлықтардың, соның ішінде ислам нышанындағы сыйлықтардың символдық мәнін жақсы білді және оларды өздерінің идеологиялық мүдделерінің құралы ретінде шебер пайдаланды. Исламдану моңғол ұлыстарының әртүрлі бөліктерінде біркелкі жүрген жоқ, себебі, әрбір ұлыстың қалыптасқан құрылымдары мен жергілікті діни дәстүрлері болды. Ислам – жаңа идеология ретінде моңғол билеушілерінің туғаннан бастап жерлеу рәсімдеріне дейінгі күнделікті өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Дипломатиялық сыйларға келетін болсақ, моңғол билеушілері мен олардың әріптестері алмасқан сыйлықтар жиынтығына Құран қолжазбалары, жайнамаз және сәлде сияқты көптеген ислам нышанындағы заттар қосылды. Жергілікті сирек кездесетін заттар мен жануарларды сыйға беру дәстүрімен қатар, сыйлықтар бәсекелестіктің символикалық тартысының көрінісі болды. Бұл тартыс кисваны садақа ретінде беру тарихынан анық байқалады. Ильхан мемлекетінің, мәмлүктік Мысырдың, Темір ұрпақтарының дипломатиялық рәсімі мен тәжірибесіне

ислам діні іргелі өзгеріс әкелген жоқ. Моңғолдардың әлемде үстемдік жүргізу идеологиясы толық өзгеріске ұшырамады, жаңа идеология бәсекелестіктің жаңа символдық құралдарын ғана қосты.

*Ғылыми мақала, ИРН BR24993132 – «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» атты бағдарламаның есебінен жарияланды.*

### Әдебиеттер

- Allsen Thomas (1997). *Commodity and Exchange in the Mongol Empire: A Cultural History of Islamic Textiles*. – Cambridge Studies in Islamic Civilization. New York: Cambridge University Press. – 137 p.
- Allsen Thomas (2001). *Culture and Conquest in Mongol Eurasia*. – Cambridge: Cambridge University Press.
- Allsen Thomas (2006). *The Royal Hunt in Eurasian History*. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press. – 416 p.
- Amitai Reuven (2006). *The Mamlūk Institution, or One Thousand Years of Military Slavery in the Islamic World*, in *Arming Slaves: From Classical Times to the Modern Age*. Editor Christopher Leslie Brown and Philip D. Morgan. – New Haven: Yale University Press. – 368 p.
- Amitai Reuven (2017). *Between the Slave Trade and Diplomacy: Some Aspects of Early Mamluk Policy in the Eastern Mediterranean and the Black Sea // Slavery and the Slave Trade in the Eastern Mediterranean*. Turnhout: Brepols.
- Ayalon David (1972). *The Great Yāsa of Chingiz Khān. A Reexamination (Part C1) // Studia Islamica*. – 36. Pp. 137-138.
- Beckwith Christopher (1991). *The Impact of the Horse and Silk Trade on the Economies of T'ang China and the Uighur Empire: On the Importance of International Commerce in the Early Middle Ages // Journal of the Economic and Social History of the Orient*. № 3. Pp. 183-198.
- Behrens-Abouseif Doris (2014). *Practising Diplomacy in the Mamluk Sultanate: Gifts and Material Culture in the Medieval Islamic World*, London & New York: IB Tauris. – 242 p.
- Biran Michal (2015). *Encounters among Enemies: Preliminary Remarks on Captives in Mongol Eurasia // Archivum Eurasia Medii Aevi*. – Pp. 27-42.
- Broadbridge Anne (2008). *Kingship and Ideology in the Islamic and Mongol Worlds*. – Cambridge and New York: Cambridge University Press. Cambridge Studies in Islamic Civilization. – 232 p.
- Dekkiche Malika (2015). *New Source, New Debate: Reevaluation of the Mamluk-Timurid Struggle for Religious Supremacy in the Hijaz // Mamluk Studies Review*. – Vol. XVIII. Pp. 247-271.
- Di Cosmo Nicola (2015). *China-Steppe Relations in Historical Perspective // Complexity and Interaction along the Eurasian Steppe Zone in the First Millennium CE*. Ed. Jan Bemmman and Michael Schmauder. Bonn: Bonn University Press. Pp. 49-73.
- Fairbank John King (1968). *The Chinese World Order: Traditional China's Foreign Relations*. Ed. J. K. Fairbank. – Cambridge, MA: Harvard University Press. 426 p.
- Fairbank J.K., Têng S.Y. (1941). *On the Ch'ing Tributary System // Harvard Journal of Asiatic Studies* 6. – №. 2. Pp. 135-246.
- Fiaschetti Francesca (2017). *Mongol Imperialism in the Southeast: Uriyangqadai (1201–1272) and Aju (1127–1287) // Asiatische Studien – Études Asiatiques*, 71, no. 4. – Pp. 35–1119.
- Golden Peter (2013). *Courts and Court Culture in the Proto-urban and Urban Developments among the Pre-Çinggisid Turkic Peoples // Turko-Mongol Rulers, Cities and City Life*. Ed. D. Durand-Guedy. – Leiden: Brill. Pp 21–73.
- Jacoby David (2010). *Oriental Silks Go West: A Declining Trade in the Later Middle Ages // Islamic Artifacts in the Mediterranean World: Trade, Gift Exchange and Artistic Transfer*. Ed. Catarina Schmidt Arcangeli and Gerhard Wolf. – Venice: Marsilio. Pp. 71–88.
- Juvaini Ata-Malik, Morgan David (1997). *Genghis Khan: The History of the World*. Translator: John Andrew Boyle. – Univ. of Washington Pr. – 763p.
- Meloy John L (2015). *Imperial Power and Maritime Trade: Mecca and Cairo in the Later Middle Ages*. – Chicago: Middle East Documentation Center. – 324 p.
- Melville Charles (1992). *The Year of the Elephant: Mamluk-Mongol rivalry in the Hejaz in the reign of Abu Sa'id (1317-1335) // Studia Iranica* 21 no. 2. Pp. 198-199.
- Biran Michal (2015). *Encounters among Enemies: Preliminary Remarks on Captives in Mongol Eurasia // Archivum Eurasia Medii Aevi*. – Vol. 21. Pp. 27-42.
- Guzman Gregory (2010). *European Captives and Craftsmen among the Mongols, 1231–1255 // The Historian*. – Vol. 72. – No. 1. Pp. 122-150.
- Battuta Ibn (2013). *Travels in Asia and Africa: 1325-1354*. Trans. Samuel Lee. – Routledge: London. – 391 p.
- Carpini John of Plano (2005). *History of the Mongols // Mission to Asia*. Edited by Christopher Dawson. – New York, NY: Harper and Row. – 246 p.
- China and the Way Thither. Being a Collection of Medieval Notices of China. Henry Yule, trans. and ed. – Vol. 3. – London: The Hakluyt Society.
- Clavijo Ruy González (2009). *Narrative of the Embassy of Ruy González de Clavijo to the court of Timour, at Samarcand, a.d. 1403–6*. Trans. Clements R. Markham. – Cambridge: Cambridge University Press. – 276 p.

Geary Patrick (2015). *Courtly Cultures: Western Europe, Byzantium, the Islamic World, India, China, and Japan, 500-1500* // *The Cambridge world history. Volume 5, Expanding webs of exchange and conflict, 500CE-1500CE* / edited by Benjamin Z. Kedar, Merry E. Wiesner-Hanks. – Cambridge: Cambridge University Press. Pp. 179-205.

Millward James (1992). *Qing Silk-Horse Trade with the Qazaqs in Yili and Tarbaghatai, 1758-1853* // *Central and Inner Asian Studies* 7. Pp. 1-42.

Oriental Silks (2016). *Oriental Silks at the Time of the Mongols: Patterns of Trade and Distribution in the West* // *Oriental Silks in Medieval Europe*. Ed. Juliane von Fricks and Regula Schorta. Riggisberg: Abegg-Stiftung. Pp. 93-123.

Rashid al-Din Fadl Allah (1998). *Jami'u't-tawarikh: A History of the Mongols*. Translation. Wheeler McIntosh Thackston. – Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations. Part III. – 535 p.

Rashid al-Din Fadl Allah (1999) *The Mission of Friar William of Rubruck: His Journey to the Court of the Great Khan Mongke, 1253-1255*. Trans. Peter A. Jackson, D.O. Morgan. – London: Hakluyt Society. – 328 p.

Rashid al-Din Fadl Allah (2004). *The Secret History of the Mongols: A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century*, vol. 1, trans., Igor de Rachewiltz. – Leiden: Brill. – 1349 p.

*Robing in the Mongolian Empire* // *Robes and Honor: The Medieval World of Investiture*, ed. – Stewart Gordon. – New York: Palgrave Macmillan. – 394 p.

Rossabi Morris (1970). *The Tea and Horse Trade with Inner Asia during the Ming* // *Journal of Asian History*. – Vol. 4. – No. 2. – Pp 68-136.

Skaiff Jonathan Karam (2012). *Sui-Tang China and Its Turko-Mongol Neighbors: Culture, Power, and Connections, 580-800*. – Oxford University Press. – 432 p.

*The Golden Horde and the Mamluks* (2017) // *The Golden Horde in World History*. Ed. Rafael Khakimov and Marie Favereau. Kazan: Sh.Marjani Institute of History of Tatarstan Academy of Sciences. – Pp. 329-346.

*The Golden Horde and the Mamluks* (2019): *The Birth of a Diplomatic Set-Up (660-5/1261-7)* // *Mamluk Cairo, a Crossroads for Embassies: Studies on Diplomacy and Diplomatics*, ed. Frédéric Bauden and Malika Dekkiche. – Leiden: Brill. – Pp. 302-324.

*The Mission of Friar William of Rubruck* (1990): *His Journey to the Court of the Great Khan Mongke, 1253-1255*, trans. Peter A. Jackson, and D. O. Morgan (London: Hakluyt Society). Pp. 190-91.

Walter Pohl (2001). *The Regia and the Hring: Barbarian Places of Power* // *Topographies of Power in the Early Middle Ages*. Ed. M. de Jong, F. Theuvs and C. van Rijn. – Leiden: Brill. Pp. 439-466.

Wa□□āf □bdu-llah (2013). *Tazjiyatu-l Amsār wa Tajriyatu-l A'sār* // *The History of India, as Told by Its Own Historians*, trans. – Henry Miers Elliot and ed. John Dowson. – Cambridge: Cambridge University Press. – Pp. 45.

Zhaoguang Ge (2018). *What is China: Territory, Ethnicity, Culture, and History*. – Trans. Michael Gibbs Hill. – Cambridge, MA: Belknap Press.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Мырзабеков Молдахмет Сейдахметұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, тарих кафедрасы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: moldahmet1964@gmail.com.

Наматов Мирлан Аманович – филология ғылымдарының кандидаты, Француз академиялық зерттеулер институты, Париж, Франция

#### **About the authors:**

Myrzabekov Moldakhmet Seidakhmetovich – candidate of historical sciences, associate professor of the history department of the Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: moldahmet1964@gmail.com

Namatov Mirlan Amanovich – candidate of philological sciences, French Institute of Academic Research, Paris, France.

#### **Сведения об авторах:**

Мырзабеков Молдахмет Сейдахметович – кандидат исторических наук, доцент кафедры истории Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. Электронная почта: moldahmet1964@gmail.com.

Наматов Мирлан Аманович – кандидат филологических наук, Французский институт академических исследований, Париж, Франция.

Поступило: 20.11.2024

Принято: 28.02.2025